

Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 қарашадағы № С 51-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 желтоқсанда № 5123 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 тамыздағы № С 8-5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 31.08.2023 № С 8-5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 11 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақкөл аудандық мәслихат
сессиясының төрайымы*

Ж.Салыбекова

*Ақкөл аудандық
мәслихаты хатшысы*

Ж.Салыбекова

КЕЛІСІЛДІ

*Ақкөл ауданының
әкімі*

Т.Қ.Едігенов

12 қараша 2015 жыл

Ақкөл аудандық мәслихатының
2015 жылғы 12 қарашадағы
№ С 51-3 шешіміне
қосымша

Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 22.08.2019 № С 43-1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 01.08.2022 № С 23-1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

№ р/с	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері	Кадастрлық кварталының нөмірлері аймаққа кіретін ауылдық елді мекендердің атауы (ауылдық округтер бойынша)
1	2	3
I	2,0	01-001-005 Еңбек ауылы, Еңбек ауылдық округі
	2,0	01-001-006 Домбыралы ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,9	01-001-013 Новорыбинка ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,97	аймақ бойынша орташа мағына
II	1,6	01-001-011 Азат ауылы
	1,6	01-001-007 Айдарлы ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,6	01-001-005 Малый Барап ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,6	01-001-002 Урюпинка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,5	01-001-007 Кеңес ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,5	01-001-002 Талқара ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,4	01-001-008 Ақкөл орман шаруашылығы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)
	1,4	01-001-001 Наумовка ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,4	01-001-005 Рамадан ауылы, Еңбек ауылдық округі
	1,3	01-001-003 Ерназар ауылы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)
	1,3	01-001-016 Қына ауылы, Қарасай ауылдық округі
	1,3	01-001-010 Жалғызқарағай ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,46	аймақ бойынша орташа мағына
	1,2	01-001-008 Радовка ауылы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)

Ш	1,2	01-001-001 Кемеркөл ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,2	01-001-013 Құрылыс ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,2	01-001-005 Табиғат ауылы, Еңбек ауылдық округі
	1,2	01-001-003 Амангелді ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,1	01-001-013 Қараөзек ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,0	01-001-001 Өрнек ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,0	01-001-010 Қайнар ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,0	01-001-003 Ерофеевка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,0	01-001-002 Малоалександровка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,0	01-001-024 Сазды бұлақ ауылы, Қарасай ауылдық округі
	1,0	01-001-010 Тастыадыр ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,0	01-001-015 Қарасай ауылы, Қарасай ауылдық округі
	1,08	аймақ бойынша орташа мағына